

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2011 ж.
Кафедра меңгерушісі: Темиргалиев К.А

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік – саяси пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

**Тақырыбы: «XX – ХХІғ. қарсаңы мәдениеті контекстіндегі батыстық философия.
Қазіргі кездегі философияның негізгі мәселелері »**

Мамандығы: «5В130100 – Жалпы медицина»

Пән: «Философия»

Курс: 2

Уақыт (ұзақтығы) : 1сағат (50 минут)

Қарағанды – 2011 ж.

Аға оқытушы:Нұрмаханова Н.Ж

Тақырыбы: ХХғ. – ХХІғ. Қарсаңы мәдениеті контекстіндегі батыстық философия.

Дәріс мақсаты : Студенттерді ХХғ. – ХХІғ. Қарсаңы мәдениеті контекстіндегі батыстық философиямен таныстыру.

Дәріс жоспары:

Экзистенциализм философиясы (Камю, Хайдегер, Ясперс, Сартр)

Неотомизм философиясы.

Позитивизм және оның түрлері.

Постмодернизм.

XX ғасырдағы идеалистік философияның басты бағыттары

- **1. Неопозитивизм**
- **2. Неотомизм**
- **3. Экзистенциализм**

Неопозитивизм

- *Негізгі позитивизм-”дұрыс пікір”деп аталатын ұғым болып дүниеге келді,оның бастамасын салған Огюст Конт (1798-1857)және Джон Стюарт Милль,Герберт Спенсер. Бұл философияның арғы түбі Д.Юм мен И.Кантқа тіреледі. Олардың мақсаты ғалымдарды толып жатқан бос ойлардан азат ету болды. Олардың пікірінше,әрбір ғылым өз алдына философия. Сол ғалымдарды зертеу қажет. Солай,ревалюция арқылы үстемдікке қол жеткен буржуазия бұрын материализм,ғылым үшін күрескен болса,енді одан бас тартып,идеализмге біржолата ден қойды.*

Огюст Конт (1798-1857)



Оның эволюциясы 3 кезеңнен тұрды.

1 кезең **позитивті** - философияны берік, нақты ғылыми негізге қоюға ұмтылатын философиялық бағыт.

2 кезең **эмпириокритицизм**- бұл позитивке қарсы бағыт, яғни біздің сенімнен тыс ешнәрсе жоқ, барлық дүние –біздің сеніміміздің нәтижесі деген қорытындыға келіп, объективті өмірді субективті сезімге ауыстырады.

3 кезең **неопозитивті немесе логикалық позитивизм**-XX ғасырдың 20 жылдарында дүниеге келді. Өкілдері:

Морис Шлик, Рудольф Канап, Отто Нейрат, Филип Франк т.б.

Неопозитивистер ғылыми пікір айтудың екі түрлі-**эмпирикалық және логикалық -математикалық**

жолы бар деді. Мәселен, “менде төрт қалам бар” делік немесе “мына жылқы ауру не сау”, оны қалай білеміз? Тек тікелей қарап, көзбен көру қажет. Бұл әдісті **эмпирикалық әдіс** дейді.

Өмірде осы әдісті кең қолданылады. Егерде көзбен көруге болмаса, онда **логикалық-математикалық әдісті** қолданылды.

Оны **тавтология** деп те атайды.

Р.Карнап математикалық логика арқылы білімдегі негізгі ұғымдардың мазмұнын, мағынасын тексерді. Оның негізгі құралы – **верификация** (*verificatio*-лат сөзі, дәлелдеймін деген мағынаны береді) принципі. **Тікелей верификация** – ол ғылымдағы белгілі бір қағидалардың өмірдегі тәжірибеге сәйкестігін анықтау болып табылды. Ал дамыған теориялардағы қағидаларға келетін болсақ, оларды тек **жанама түрде верификациялауға** болады. Ол үшін сол теорияның негізінде жатқан элементарлық, атомарлық, протоколдық сөйлемдерге шейін жетіп, оларды өмірдегі сезімдік тәжірибеден шығатын деректермен салыстырып тексеру қажет.

Непозитивизмнің екінші түрі-лингвистикалық философия өкілдеріне келетін болсақ, олар философияның айналысатын негізгі ісін тілдегі сөздерді ғылыми сөйлемдерді логикалық жолмен талдаудан көрді. **Л. Витгенштейннің** ойынша, философия тек қана “тілге сын” ретінде ғана өмір сүре алады. Өзінің “Логикалық-философиялық тракттар” деген еңбегінде ол “Менің тілімнің шеңбері менің Дүниемнің шеңберін құрайды”-дейді.

Л. Витгенштейннің негізгі идеясы-тілдегі сөздерді ұқыпты пайдалану, басқа жағдайда ол бізді неше түрлі абстрактілік ұғымдардың құрсауына қамап адастырады.

XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап позитивизмнің соңғы сатысы дүниге келді, оны **постпозитивизм** деп атайды. Негізгі өкілдеріне: **Карл Раймунд Поппер (1902-1994жж) Томас Самюэль Кун**

(1922ж) Имре Лакатос (1922-1974жж) Пауль Фейербенд (1924ж) т.с.с.

Постпозитивизмнің басты мақсаты - ғылыми білімнің құрылымын емес, ғылыми білімнің дамуын зерттеу.

Непозитивизмнің екінші түрі-лингвистикалық философия өкілдеріне келетін болсақ, олар философияның айналысатын негізгі ісін тілдегі сөздерді ғылыми сөйлемдерді логикалық жолмен талдаудан көрді. **Л. Витгенштейннің** ойынша, философия тек қана “тілге сын” ретінде ғана өмір сүре алады. Өзінің “Логикалық-философиялық тракттар” деген еңбегенде ол “Менің тілімнің шеңбері менің Дүниемнің шеңберін құрайды”-дейді.

Л. Витгенштейннің негізгі идеясы-тілдегі сөздерді ұқыпты пайдалану, басқа жағдайда ол бізді неше түрлі абстрактілік ұғымдардың құрсауына қамап адастырады.

XX ғасырдың 50 жылдарынан бастап позитивизмнің соңғы сатысы дүниге келді, оны **постпозитивизм** деп атайды. Негізгі өкілдеріне: **Карл Раймунд Поппер (1902-1994жж)** **Томас Самюэль Кун (1922ж)** **Имре Лакатос (1922-1974жж)** **Пауль Фейербенд (1924ж) т.с.с.**

Постпозитивизмнің басты мақсаты - ғылыми білімнің құрылымын емес, ғылыми білімнің дамуын зерттеу.

Постпозитивизм қарастыратын негізгі сұрақтар:

- 1. Жаңа теория қалай пайда болады?***
- 2. Ол қалай танылады?***
- 3. Біртектес немесе бәсекелес ғылыми теорияларды салыстырудың өлшемдері қандай?***
- 4. баламалық (альтернативалық) теорияларды жақтаушылардың арасында ортақ түсінік болуы мүмкін бе?***

Қазіргі постпозитивизмнің негізгі мәселелері:

- 1. фальсификация мәселесі***
- 2. ғылыми теориялардың шынайылығы мәселесі***
- 3. рационалдылық мәселесі***
- 4. ғылыми теорияларды өлшеу мәселесі***

Карл Раймунд Поппер(1902-1994жж)

- **Поппер** ғылымының дамуындағы верификация принципіннің жеткіліксіз екенін көрсетеді. Ғылымның дамуында пайда болған ешқандай теория “соңғы ақиқат” емес, күндердің бір күнінде ол теріске шығарылуы мүмкін. Олай болса ғылымдағы қағидалардың терең табиғаты –олардың болжамдылығында, қателік кету мүмкіндігінде. Оны ол **фаллибизм(қателік)** дейді.

Өзінің жалпы Дүниеге деген көзқарасында ол **“үш әлем”** теориясын ұсынған. Олар: **физикалық әлем**, яғни бізді айнала қоршаған дүние. Келесі – **менталдық әлем**. Үшінші әлем – адамзат жеткен шынтуайтты өмір сүретін **білім әлемі**.

К.Поппер ойынша, философия ғылым емес, өйткені оның негізгі қағидаларын фальсификациялауға болмайды. Бірақ ол адамға өмірдің мән мағынасын ашып, содағы адамның алатын орнын көрсетуге тырысады. Сол үшін ол философияны биік бағалайды.

Карл Раймунд Поппер



Томас Самюэль Кун

- Постпозитивизмнің келесі ірі өкілі-Томас Кун. Ол ғылым философиясы ағымына жатады. Өзінің “**Ғылыми революциялардың құрылымы**” деген еңбегінде Т.Кун: “Парадигма деп мен ғылыми қауымдастыққа белгілі бір уақыттың шеңберінде ғылыми мәселелерін шешу жолдарын көрсететін барлығының мойындаған ғылыми жетістіктерін атаймын” - дейді.
- Т.Кун парадигмаға соңынан екінші ат берді-ол **дисциплинарлық (пәндік) матрица (негіз)**. Оның негізгі элементтері ретінде ол символдық жалпылау үлгілерін, концептуалдық (тұжырымдық) моделдерді, ғылыми қауымдастық мойындаған қауымдарды және ғылыми тұрғыдан шешілген үлгілерді қарастырады.

Томас Самюэль Кун



Неотомизм

- *Неотомизм-католик шіркеуінің діни философиясы, қазіргі заманғы теологиялық философияның ең беделді ағымы. Негізін салғандар: XIII ғасырда өмір сүрген әулие Августин және Фома Аквинский. Өкілдері: Жан Маритен, Э.Жильсон, Г.Марсель ,В.Соловьев, Н.Бердяев, И. Бохенский.*
- *Бұл діни философияның мақсаты адамдар жүрегіне жол салу.*
- *Неотомистер ғылымды жоққа шығармайды ,бірақ оны дінге қарсы қоймайды. Тек ғылымдардың адамзатқа тигізіп отырған кейбір жағымсыз ықпалын сынайды. “Өйткені, адамдар жаратушы Құдайды ұмытқан. Барлық қатер сонда ”дейді олар.*

*Неотомизмнің негізі - **Фома Аквинскийдің ілімі.***

Негізгі қағидасы - сенім мен ақыл гармониясы.

Неотомизм мақсаты:

- 1. католицизмнің және католиктік философияның ақиқаттығын, дұрыстығын дәлелдеу;*
- 2. католицизмді қазіргі жағдайларға бейімдеу;*
- 3. католицизмді қарапайым адамдарға жақындата түсу.*

Мысалы, 1978-2005 жылдары Рим Папасы болған Иоанн Павел II (К.Войтыла) католик Шіркеуінің атынан Шіркеу қателіктері (индальгенция тарату, инквизиция оттары, ғылымды қудалау) үшін кешірім сұрауды ұсынды.

Неотомистік ілімнің негізгі бөлімдері:

- 1. метафизикалық (жалпы және қосалқы);*
- 2. гносеология;*
- 3. натурфилософия.*

Неотомистік ілімнің негізгі бөлімі метафизика:

- 1. онтологиядан және табиғи теологиядан (Құдай туралы философиялық ілім) кұрайтын жалпы метафизикадан;*
- 2. қосалқы метафизикадан — қоршаған дүние мен адам туралы ілімнен кұралады.*

*Қазіргі заманғы теологиялық философиядағы неотомизмге қарсы бағыт - **тейярдизм**.*

*Негізін қалаушы - теологиялық философ **Пьер Тейяр де** (1881-1955).*

***Тейяр де Шарденнің мақсаты:** феноменологияны – ғылым жетістіктері мен теологиялық философияны біріктіріп, Әлем негіздерін түсіндіретін комплексті ғылым жасау.*

***Тейяр де Шарден философиясының маңызды қағидасы -** эволюциялылық: дүниедегінің бәріне (тірі және өлі табиғатқа) эволюция тән.*

***Мазмұны бойынша тейярдизм** - теологияның философиядағы жаратылыс ғылымының жетістіктеріне сүйенетін, католицизм догмаларын сынайтын, сынаған реформаторлық ағымы.*

Католиктік бағытқа Латын Америкасында кең тараған «азаттық теологиясы» жатады. Оның басты идеясы - адамды барынша азат ету.

Неотомизм философиясы екі жұп категорияларға негізделген: **потезия (мүмкіндік) және акт (нақты іс), эссенция (мән), экзистенция (өмір сүру).**

Неотомизмнің басты мәселесі үшеу- **Құдай, адам, адамгершілік.** Бірақ құдай жамандық жасағанды жазалайды дейді. Ал, енді солай- ақ болсын делік, сонда барлық табиғи сәйкессіздікті, үйлесімсіздікті, асимметрияны жасайтын кім? Өйткені, ол табиғатта бар. Бұл сұрақтарға неотомизм тоқталмайды. Дегенмен, қоғамдағы түрлі қайшылықтарды шешу басшыларға байланысты. Олар бағынушылардың жағдайын ойлауы деген пікір айтады неотомистер.

Экзистенциализм

- Экзистенциализм философиялық бағыт ретінде ХХ ғ.-дың ортасында пайда болып, ХХ ғ. 20-70 жылдарында маңызы арта түсіп, Батыс Европадағы ең танымал философиялық бағытқа айналды
- Экзистенциализм — адам, оның жеке басының мәселелері, дүниедегі тіршілігінің қиыншылықтары негізгі зерттеу пәні болып табылатын философиялық бағыт. Ол өз-өзіне сенімсіздікті, адамның дүниеден жаттануын бейнелейді. «Болмыс пен әлем, адам тіршілігі, уайым, сезім, индивид ойларының ағыны» - дейді экзистенциалистер.
- Философияда құдайшылықты, жалпы тағдырды жаратушыны мадақтау жайында көп жазылды. Неотомизмде сол бағытқа жатады. Ол ағым **теодиция** деп аталады. Бірақ адамды мадақтауға-антроподицияға кезек келмеді. Сондықтан адам туралы айту артта қалып келді. Енді адамды зерттейтін кез келді. Адамға, оны зерттеуге бетбұрыс жасалды. Философияда осы ағым **экзистенциализм** деп аталады. Оның мақсаты классистік мәе философиясын адамның өмір сүру философиясымен алмастыру болды.

XX ғасырдағы экзистенциализмнің өкілдері:

Карл Ясперс (1883-1969);

Жан-Поль Сартр (1905-1980);

Альбер Камю (1913-1960);

Мартин Хайдеггер (1889-1976)

Виктор Франкл(1900)

Хосе Ортега-и-Гасетт(1883-1955)

Карл Ясперс (1883-1969) - неміс философы, XX ғасырдағы экзистенциалистік мәселені алғашқылардың бірі

Ясперс пікірінше, адам әдетте еш мағынасы жоқ «бәрі сияқты» сүреңсіз өмір сүреді. Осылай жүріп ол өзінің шын мәнінде қандай екенін, өз бойында жасырын жатқанын қабілеттері мен мүмкіндіктері бар екенін білмейді, өзінің шын «Менін» танымайды.

Карл Ясперс (1883-1969)



Жан-Поль Сартр



*Жан-Поль Сартр
(1905-1980) -
экзистенциалды
философияның
басты сұрағы —
таңдау мәселесін
қарастырды.*

Сартр философиясының басты ұғымы — **«өзі-үшін-болмыс»**.

>>**«Өзі-үшін-болмыс»** - адам үшін жоғары реалдылық, ең алдымен оның ішкі дүниесінің приоритеттілігі. Өзін толық тану тек қана «өзі-үшін-болмыс» арқылы іске асады.

>>Адам өзін - басқаның оған қатынасы арқылы таниды.

>>Адам өмірінің маңызды шарты, оның «желісі», белсенділігінің негізі - бостандық.

>>Сартр пікірінше адам бостандығы абсолютті (салыстыруға келмейді). Адам нендей нәрсені қалауға қаншалықты қабілетті болса, соңшалықты азат, еркін.

Мартин Хайдеггер

*Мартин Хайдеггер
(1888-1976) -*

*философияның пәні
мен міндеттерін
экзистенциалдық
тұрғыдан түсінудің
негіздерін жасаумен
айналысты.*



- *Өзінің “Болмыс пен уақыт” деп аталатын еңбегінде М.Хайдеггер адамның өмір сүруін “Dasein” деген ұғыммен береді. (қазақша аудармасы “осы арадағы болмыс”).*
- *Экзистенция, Хайдеггер пікірінше, адам өзін-өзі жатқызатын болмыс, адам болмысының нақтылықпен толығуы. Адам өмірі – оның иелігіндегі және оның өміріне мән беретін нәрселерде.*
- *Адам болмысы қоршаған дүниеде іске асады (“дүниедегі болмыс”). Өз кезегінде “дүниедегі болмыс”:*
 - *1. “басқалармен болмыс”;*
 - *2. “өз-өзіндік болмыстан” құралады.*

Прагматизм

Прагматизм философиялық сұрақтарды оқып-үйренудегі басты мақсат - абстрактылы ақиқатты іздеу емес, адамдарға олардың нақты өмірлік міндеттерін іске асыруда (түйінді, жағдайларды шешуге) көмекші болатын нақты тәсіл-құралдардың арсеналын жасау деп санайтын философиядағы идеалистік бағыт.

*Прагматизмның негізін қалаушылар - америкалық философтар **А.Пирс** пен **У.Джемс** деп саналғанымен олардың ілімін өңдеп, қазіргі заманғы прагматизмнің қалыптасуы мен дамуына маңызды үлес қосқан **Дж. Дьюи** (1859-1952) болды.*

***Д.Дьюи** - философия, әлеуметтану, педагогика және басқа да салалар бойынша жазылған 30-дан аса кітап пен 900 ғылыми мақаланың авторы. Оның философиясы өз кезіндегі КСРО мен Еуропаға тараған жоқ. Ал АҚШ пен ағылшын тілдес мемлекеттерде Дьюи прагматизмі кең танымал және оны философиясымен таныс 80% америкалықтар Дьюиді Американың (өз заманындағы) ең жақсы философы деп есептейді.*

***Дьюидің басты еңбегі** - дәстүрлі философияның стереотиптерін жойып, маңызды философиялық мәселеге жаңаша қарауында.*

Дьюи философиялық танымы бойынша эмпирист, яғни, өз зерттеулерінде тәжірибеге айрықша орын бөледі. Атап айтқанда:

>> бастапқы себеп идеясын терістейді, дүниеге қозғау болған «бірінші» - себепті іздеу талпыныстары мағынасыз деп есептейді;

>> философияның орталық ұғымы тәжірибе болуға тиіс, барлық философиялық зерттеулер тәжірибеге негізделуі тиіс;

>> адам сапасында туа, жүре пайда болғанның бәрі тәжірибе ретінде қарастырылды;

>> адам сапасына тәжірибені сақтаушы, таратушы ретінде маңызды орын берілді;

Дж. Дьюи түйінді жағдайды шешілген жағдайға айналдыруда мынадай нақты қадамдарды атайды:

- >> кедергіні (анық түсіндірмесі жоқ мазасыздықты) қиналысты сезіну, ол сезімнің себебін, түйінін айқындау қажет;*
- >> сезімдер айқындалып, сөз түрінде анық айтылған соң белгісіз жағдай мәселелі жағдайға айналады; бұл кезеңде түпкі мақсатты белгілеу, ол жолдағы болуы мүмкін қиыншылықтардың алдын-алу қажет;*
- >> түйінді жағдайды жойып, мәселені шешуге әкелетін болжамдар жасау;*
- >> гипотезаны сыни тұрғыдан талдау; қойылған мақсаттың әрбір кезеңіндегі гипотеза әрекетін теориялық модельдеу;*
- >> соңғы шешім қабылдау; гипотезаның ақиқаттығын не жалғандығын тәжірибе түрінде тексеру.*

Сонымен қоса Дьюи ғылыми әдісте болуға тиіс белгілерді, талаптарды атайды:

- 1. өзін-өзі түзеуге бейімділік;*
- 2. әрекетке қабілеттілік;*
- 3. ақиқаттық (мақсатқа, ақиқатқа жеткізген әдістерге назар бөлу).*

Феноменология

- *Дуниетаным мәселесімен айналысады. Негізін қалаған: Эдмунд Гуссерль (1859-1938жж). Ойшыл өз еңбектерінде “Заттардың өзіне қарай!” деген ұран тастады, өйткені сол кездегі И.Канттың ізбасарлары ғылыми таным жолында шындықты ұғымдар арқылы құруға болады деген көзқараста болды.*
- *Ойшылдың өз алдына қойған басты мақсаты-сананы тазарту, оның адамзат тәжірибесі, тарихи процестен тыс өмір сүретін алғашқы құрылымын анықтау болып табылады. Гуссерльдің феномені-ол бұрынғы классикалық философиядағы басқа терең жатқандарды көрсететін сезімдік тәжірибе арқылы берілетін құбылыс емес, ол өз өзін ашатын, табатын, тікелей санаға айқын көрінетіннің бәрі.*

Эдмунд Гуссерль (1859-1938 жж).



Феноменология-айқындығы тікелей интуиция арқылы көрінетін идеалдық мән-мағынаны зерттейтін ілім. санадағы феномендер адамға тіл арқылы беріледі. Сонымен қатар оған адамның жан дүниесіндегі тебіреністер, сана арқылы ойланатын заттың мән мағынасы т.б бәрі де жатады.

Э.Гуссерельдің ойынша барлық ғылымның жалпы дүниетанымының негізінде “өмірлік дүние” жатыр. Ол- “барлық адамдарға мәлім”, “тікелей анық”, “адамның көзі жеткен”, өмірде кең қолданылатын, ол “өмірлік дүние” бүкіл дүниетаным негізінде жатыр. Ол “алдын ала берілген көкжиек”, адамның практикалық іс-әрекетінің шынайылығы мен мүмкіндіктерін көрсетеді.

Герменевтика

- *Герменевтика (hermeneon-грек сөзі түсіндіремін)-сонау грек заманында жазылған тарихи мұраларды түсіндіру өнері ретінде пайда болды. Өз атауын герменевтика құдайлар мен адамдар арасында байыланыстырушы рөлін атқарған: құдайлар еркін адамдарға, ал адамдар тілегін құдайларға жеткізумен айналысқан ежелгі грек құдайы Герместің атынан алады. Орта ғасырларда Батыс Еуропада герменевтика Библияның негізгі қағидаларын дұрыс түсіндіру өнеріне айналады.*

Герменевтиканың басты идеясы:

Тіршілік ету дегеніміз - түсінілу.

Герменевтиканың зерттеу пәні мәтін (текст) болып табылады. Герменевтиканың фундаменталды ұғымдары:

1. «герменевтикалық үшбұрыш» - мәтін авторы, мәтіннің өзі және оқырман үшеуі арасындағы өзара қатынас;

2. «герменевтикалық шеңбер» - түсіну процесінің циклдық сипаты.

Алғашқы герменевтер - Інжіл мәтіндері арқылы берілген құдіретті ойды ашып, «түсіндірумен» айналысқан ортағасырлық теолог-схоластар болды.

Жаңа заман философ-герменевтер:

Ф.Шлейермахер (1768-1834)

М.Хайдеггер (1889-1976)

Г.Гадамер (1900 ж.т.)

*Жаңа дәуірде ғана герменевтика бірте-бірте философиялық тұрғыдан қаралып, ерекше ағымға айналды. Бұл ағымның негізін қалаған неміс қайраткері философы **Ф.Шлейермахер** болды. Ол-Платонның барлық шығармаларын алғаш рет неміс тіліне аударған адам. **Оның ойынша**, герменевтика басқа тұлғаның қайталанбас жақтарын түсіндірудің өнері, әңгіме оның ойларының мазмұнынан гөрі, оның **сөз саптау мәнеріне, үлгісінде** деген пікірде болды.*

Қазіргі заманғы философ-герменевтер:

Ф.Шлейермахер (1768-1834)

М.Хайдеггер (1889-1976)

Г.Гадамер (1900 ж.т.)

Жаңа дәуірде ғана герменевтика бірте-бірте философиялық тұрғыдан ерекше ағымға айналды. Бұл ағымның негізін қалаған неміс қайраткері Ф.Шлейермахер болды. Ол Платонның барлық шығармаларын алғаш рет неміс тіліне аударды. Оның пікірінше, герменевтика басқа тұлғаның қайталанбас жақтарын түсіндірудің өнері, әңгіме оның ойларын ың мазмұнын ан гөрі ,оның сөз саптау мәнеріне, үлгісінде деген пікірде болды.

Шлейермахер пікірінше, мәтінді талдауда 2 герменевтикалық әдіс қолданыла алады:

1. грамматикалық; 2. психологиялық.

Бірінші әдіс арқылы «тілдің рухы»,

Екіншісімен - «автордың рухы» беріледі.

Ф. Шлейермахер (1768-1834)



М. Хайдеггер (1889-1976)



М.Хайдеггердің ойынша “болмыстың үйі-тіл”.

Олай болса, герменевтика ілімін тілді талдау, тарихи ұмыт қалған сөздердің сырын ашу, оны қайта өмірге еңгізу, сол арқылы өткен ғасырлардағы адамзат болмысын зерттеуге тенеиді.

М.Хайдеггердің ойынша, адам тіл арқылы сөйлегеннен гөрі, ***”тіл адам арқылы сөйлейді.”*** әрбір сөздің астарын ашсақ, онда неше түрлі мән мағына жатқанын байқаймыз. Тек қана аса дарынды, ұлтық мәдениеттен терең сусындыған адам ғана герменевтика ісімен айналыса алады. Аса көп халықтың сыры оның ұлы азаматтары тудырған поэзияда жатыр. Сондықтан әр ірі өлеңші-әрқашанда философ –деп қорытады ***М.Хайдеггер.***

Ганс Гадамер

*Ганс Гадамер
философияны таным
позициясынан -
түсіну позициясына
ауысуға, көшуге
шақырды.*




Герменевтика ғылымына аса зор үлес қосқан неміс ойшылы **Георг Гадамер** болды. Ол герменевтика ілімін тек қана гуманитарлық пәндерде қолданылатын әдіс ретінде түсіндіріп қана қоймай, оның онтологиялық (болмыстық) жағын негіздеді. Оның ойынша түсіну дегеніміз-адамның дүниетанымының негізгі жағы ғана емес, ол оның өмір сүруінің анықтаушы себебі, болмыстың тәсілі. Гадамердің айтуынша, герменевтиканың іргетасы ақиқатымына да: **бірде-бір адам ақиқатты танып-біліп, толығынан жеткізе алмайды.** Сондықтан өне бойы сұхбатты қолдап, басқаша ойлайтын адамға да сөз беріп, оның айтқанын назар қойып тыңдап, түсінуге тырысу қажет. Міне, герменевтиканың терең өзегі осында” -деп қорытады ойшыл.

Өмір философиясы

- Өмір философиясы – өмірді анықтау мен түсінуге шақырып, ақыл-ой, логика, дүниетаным, экономикалық, саяси, адамның жан дүнесін, өмір сезімін зерттейді.
- “Өмір философиясының” шеңберінде неміс философы Фридрих Ницшенің (1844-1900жж) еңбектері ерекше орын алады. Негізгі еңбектері: “Музыка рухының трагедияның туындауы”, “Заратуштра осылай деген”, “Билікке ұмтылған жігер”. А.Шопенгауер еңбектерін жалғастырушы. А.Шопенгауер әлемдік Ерікті болмыстың алғашқы негізіне жатқызса, Ф.Ницше Ерік категориясына әлеуметтік-моральдық мән мағына беріп, оны “билікке деген ерік” ретінде түсінді.

Фридрих Ницшенің (1844-1900жж)



Не жақсы деген сұрақ қойып, Ф.Ницше оған: “Билікке деген сананы, іңкәрді, сол адамның билігінің өзін күшейтетіннің бәрі” – деп жауап қайтарады.

Не жаман деген сұраққа: “Әлсіздіктен шығатының бәрі” , -дейді. **“Ақыл-ой арқылы жүретін дүниетанымның іс-әрекеті билікке деген ерікті күшейтеме” деген сұраққа:** “Жоқ, өйткені интеллектінің басымдылығы билікке деген ерікті, оның ұмтылысы мен іс-әрекетін әртүрлі ойдың толғаныстарымен ауыстырып, тоқыратып тастайды. Мораль да басқалардың камын ойла” деп, билікке деген ерікті әлсіретеді “,-деп жауа береді.

Ницшенің өз заманының әлсіз жақтарын сынауы, нағыз тұлғаның әрқашанда қол астындағы болмыстың шеңберін тиістілік негізінде аттар өту қажеттігін көрсету тағы содай ойлары болашақ философиялық ағымдарға үлкен әсерін тигізді.

Фрейдизм ағымы.

- **Өмір философиясының XX ғ. беделді ағымдарының бірі фрейдизм болып саналады. Негізін қалаушы Зигмунд Фрейд (1856-1939жж)-австриялық дәрігер, психолог, философ. Негізгі еңбектері: "Мен және Ол", "Тотем мен Табу" т.б.**
- **З.Фрейд жүйке ауруларын зерттеу мен емдеу жлында адам психикасында бисаналықтың зор орын алатынын байқайды. Егер одан бұрын қайсы бір невроз ауруларының себебін ғалымдар сананың шеңберінен іздеген болса, ол оны бисаналықтан көріп , жүйке ауруларын емдеудің "психоанализ" әдістерін жасап, біршама жетістіктерге жетеді. Бұл оған шабыт беріп, ол психоанализдің негізгі қағидаларын бүкіл қоғам мен мәдениетке таратып, философия саласында ерекше ағымды тудырды.**

Зигмунд Фрейд (1856-1939жж)



*Психоанализдің
негізін қалаушы
- австриялық
ғалым -
психиатр*

3. Фрейдің ойынша , адам психикасының үш деңгейі бар:
оның ортасында **“Ego”** (лат сөзі **Мен** деген мағынаны береді) яғни адамның өзіндік сана – сезімі орналасқан. Екінші құрамдас бөлігі **“super ego”** (өзіндік сана сезімнен жоғары) деп атайды. Оған неше түрлі қоғамның тұлға алдына қоятын талаптары мен бұйрықтары кіреді, ол тәжірибе барысында адамның психикасына енгізіліп,, соңынан оның барлық жүріс тұрысын қоғамның талабына сәйкес ретке келтіріп отыратын ішкі механизм. Адамның ірге тасы ретінде ең терең жатқан және өте көне құрамдас бөлігі – ол **“Libido”** (лат **құштарлық, іңкәрлік** деген мағынаны береді), я болмаса оны қысқаша **“Id”** деген екі әріппен береді. 3. Фрейдтің ойынша, оған адамның барлық бисаналық түрде өтіп жататын психикалық құбылыстарының бәрі де кіреді. Оларға инстинктер, күңгірт сезімдер мен түйсіктер жатады.

Карл Густав Юнг



*Карл Густав
Юнг
(1875-1961) -
архетиптер
теориясын
ұсынды.*

- *Ол аурулардың көрген түстерін сараптай келе, ол онда халықтардың тарихи аңыз-әңгімелеріндегі кейіпкерлердің бейнелерін байқайды. Олай болса адамның жеке басының бисаналығынан басқа, одан да терең “Ұжымдық бисаналық” формалардың бар екенін байқады.” Ұжымдық бисаналық” бүкіладамзаттық тәжірибені қамтиды. Онда мыңдаған жылдардағы жиналған адамзат тәжірибесін, сонымен қатар адамға дейінгі хайуандық жасырылған іздерді байқауға болады. Олар оқтың-оқтың адамның түстеріне кіреді. Мұны К.Юнг архетиптер деп атады.*

Альфред Адлер



*Альфред Адлер
(1870-1937) –
фрейдизм іліміне
“компенсация”
(толықтыру) ұғымын
енгізді.*

● Қайсыбір адамның психикасында өзінің дене кемшіліктерін сезінудің негізінде “өзіне деген сенімсіздік” бишаралық сезім пайда болады. Тұлға оны аттап өту жолында өзінің барлық шығармашылық мүмкіндіктерін сыртқа шығаруға тырысады. Осы адамның өз-өзін өмірде нағыз болуға итерген іс-әрекетін **Адлер компенсация** дейді.

Эрих Фромм

- *Э.Фроммнің ойынша адамдарда ешқандай туа біткен психикалық қасиеттер жоқ. Тұлғаның барлық психикалық өзгерістері мен өмірдегі көріністері оның қоғам өміріндегі қатынастарға тереңдеу деңгеймен байланысты деді. Э.Фромм адам тіршілігінің қайшылыққа толылығын негіздеді. Фромм пікірінше, адамға осы қайшылықтарды шешуге көмектесу. Ал оларды шешудің басты тәсілі - жалпы сүйіспеншілікті, дүниені қайырымды ете түсіп, «өмір инстинктінің» «өлім инстинктін» ығыстыруына жол ашу.*



Модернизм

- **Модернизм** (лат. "modernus" - "қазіргі заманғы") - көркем творчестводағы тарихи тәжірибеден бас тартатын, өнер саласына дәстүрлі емес жаңа бастамаларды ендіруге және қалыптастыруға, көркем формаларды үздіксіз жанартуға ұмтылатын, стильдің шарттылығымен сипатталатын, 19 ғасырдың екінші жартысы және 20 ғ. басындағы өнер мен әдебиеттегі бағыт.

қайта саралаудың бастамасы болған
авангардизмнің алғашқы басқышы ретінде
қарастырылады.

Кең мағынада модернизм - ішкі бостандық пен
дүниеге деген айрықша көзқарасты бейнелеу
тілінің жаңа құралдары арқылы беру-жеткізу-
бейнелеуді көздейтін "өзге, басқа, жаңа өнер" түрі.

Философиялық мағынада модернизм - дәстүрлі
қоғам идеологиясына қарсы тұратын құбылыс
ретінде пайда болып, жанарулар мен өзгерістерге
бағытталған идеологиялық ағым.

Модернистік өнер XIX ғасырдағы романтизм мен
XVIII ғ сентиментализмінің және XX ғасыр
философиялық идеологиясының синтезінің
нәтижесі болды.

Модернизмнің кредосы оның өз атауымен беріліп тұр ол — жаңаны жасау.

Осылайша, "модерн" деп, біріншіден, ХҮІІ-ХУШ ғасырларда қалыптасып, ХІХғ мен ХХғасырдың бірінші жартысында дамыған индустриалды қоғам мен мәдениеттің типін; екіншіден, осы кезеңге тән мәдениеттегі өзіндік таным тәсілін айтады.

1 . дүниедегі көптүрлілікті біртұтас негізге апарып тірейтін дүниенің универсалды бейнесін жасауға ұмтылыс

2 . сол біртұтас негіз туралы абсолютті білімнің адам ақылына лайық, сыйымды екеніне деген сенім;

3. және сол білімді іске асыруға талпыныс:

4. ал сол іске асудың нәтижесі адам бақытын молайта түсетініне деген сенім;

Модернизм құбылысының негізгі сипаты

- 1. Адамның дүниеге деген жаңа қатынасы - субъекттің объектіге қатынасының пайда болуы;**
- 2. Субъективті дүниетаным - кез келген эстетикалық тәжірибенің негізінде және адамның, индивидуалды қатынастың жатуы;**
- 3. Классикалық өнердегі үйлесімді, қалыпты формаларға демонстративті түрде жаңа формаларды қарсы қою;**
- 4. Модернистердің қазіргі дәуір қайшылықтарын шешу мүмкін еместігі туралы ұстанымы рухани - адамгершіліктік ақиқаттарды терістеуге әкеліп тіреді;**

біртұтас космологиялық жүйе шеңберінде (көркем құралдары арқылы) қайта қалыптастыру жолдарын іздеуге;

Яғни өнер әфсаналық шығармашылық (мифотворчестволық) әдіске қайта оралды: бір кездерде бұл дүниемен үйлесімде болған, жалғандық пен тұлғалық зорлық деген болмаған алғашқы қауымдық өнер және балалар шығармашылығының түрлеріне ден қойды.

6. өмірдің барлық жақтарын барынша рационалдандыруға ұмтылыс;

7. модернистік мәдениеттің құндылықтық біртұтастығы;

8. ғылым, мораль, өнер құндылықтарының күнделікті практикадан автономдылығы;

9. мәдениеттің рационалистік, универсалистік модель шеңберінде дамуы.

Постмодернизм

- **Постмодернизм** (лат. post -, "кейін", "соң" және "модернизм") - постструктурализм (постқұрылым) мен деконструктивизмнің синтезі ретінде қазіргі заманғы сананың барлық деңгейлерін көктей өтетін кең ауқымды әлеуметтік ұстанымды бейнелейді.

Постмодернизмнің қайнары - постструктурализм сондықтан постмодернизмнің алғашқы өкілдері — француз постструктуралистері болды. Идеялық тұрғыдан постмодернизм 1930-1950 жылдары қалыптаса бастады. Ол кезеңге француз философы **Жорж Батайды** (1897-1962), постмодернизмнің ізашары ретінде **М.М.Бахтинді** (1895-1875), "тілдік ойындар" концепциясының авторы ретінде **"кейінгі Л.Витгенштейнді"** (1889-1951) және **Й. Хейзингті** (1872-1945), мәдениеттің "ойындық" табиғаты туралы концепцияның авторы ретінде **Гуссерль және Хайдеггерді**, **Сартрды**, сонымен қатар **Ницше, Кант** жатқызылады.

Постмодернизмнің теоретигі Ихаб Хассан (АҚШ) постмодернизмдегі мынадай басты принциптер мен құндылықтарды атайды:

1. айқынсыздық - өнердегі постмодернистік шығармалар мен философиялық концепциялардағы принципалды ұстанымдар ретінде қарастырылатындығы, қолданылатындығы;

2. коллаж (фр. collage - "наклеивание"), яғни берілген шығармаға стилистикалық тұрғыдан жат фрагментгерді ендіріп, өз бетінше монтаж жасап, белгілі бір ұғымға акцент жасау;

бұл "автордың ажалы" (Р.Барт), яғни автордың оқырманға "әкелік билігі" мен қамқорлығының доғарылуы дегенді білдіреді;

4. постмодернизм "субъекттің өлімін" жария етеді.

5. постмодернизм өзінің ирреализм құқығын - барлығын реалды түрде "көрсету", бейнелеу, "икондандыру" іске аса бермейтіндігін - қорғайды;

6. әзіл-қалжың, әжуа, ойын мен аллегория, т. б. - постмодернистік ұстанымдардың бірі - әдебиет пен өнердің және жалпы ой творчествосының маңызды қатынасы ретінде қарастырылады;

Постмодернизмнің тарихи мәні

Тұтас алғанда, постмодернизм ең алдымен философияда: мыңжылдықтар тоғысындағы қоғамда құндылықтардың түпкілікті қайта саралануы іске асып жатқандығына назар аударып, билік пен зорлық идеологиясын терістеп, теңқұқылы сұхбат, өзара келісім және шешімді бірлесе отырып іздеу мен плюрализмді жақтап пікір білдірді. Сөйте отырып жаңа құндылықтар дүниесіндегі мұндай келісім - келіспеушілік пен келісімсіздіктің болуын мойындау мен қабылдауға негізделетіндігін баса көрсетті.

Әбішев Қ. «Философия» Алматы-2001

Бегалинова К.К., Альжанова І.К. «Философия» Алматы-2003

Кішібеков Д.К., Сыдыков Ұ. «Философия» Алматы-2011

Мырзалы С «Философия» Алматы-2009

Қосымша:

1. Мардашвили К.К. «Как я понимаю философию» М- 1990

2. Спиркин А.Г. «Философия»

3. Кохановский Л.В. учебник для Вузов Ростов н-Д: Феникс
1998

Проблемалық сұрақтар : (Пікір-таласқа арналған)

1 Экзистенциализм философиясы (Камю, Хайдегер, Ясперс, Сартр)
туралы не айтасыз?

2 Неотомизм философиясы туралы не білесіз?

3 Позитивизм және оның түрлерін атаңыз?

4 Постмодернизмнің кемшіліктері мен жетістіктеріне талдау жасау.

**Назарларыңызға
рахмет!!!!**

